



шетелдегі  
қазақтар



Әтепберген  
әлімгерлер



ЕАУДА ЖАЙЛАБЫН  
ҚАЗАҚТАР

**Өтепберген ӘЛІМГЕРЕЕВ**



**ЕДІЛ  
ЖАЙЛАҒАН  
ҚАЗАҚТАР**

*Деректі зерттеу*

F. СЛЯНОВ АТЫНДАФЫ  
ОБЛЫСТЫҚ ФЫЛЫМИ  
ӘМБЕЗАП КИТАПХАНА

№ 404872. ССР

*Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры*  
*Алматы-2012*

УДК 316  
ББК 60.54  
Ә 55

Казакстан Республикасының Мәдениет және ақпарат  
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті  
«Әдебиеттің алеуметтік маңызды түрлерін басып шыгару»  
байдарламасы бойынша шығарылды

**Әлімгерев Ә.**

Ә 55 Еділ жайлаган қазақтар. Деректі зерттеу. Өтепберген Әлімгерев.  
— Алматы: Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры. «Атажурт»  
баспа орталығы. 2012 жыл. 248 бет.

ISBN 978-601-7023-52-2

Тадыр талайымен дүние жүзінде тарыдай шашылған қазақтардың  
бір алуаны Ресейдің Астрахан облысында коныс төнген. Олардың бұл  
еңірді мекен ғып, омір сүре бастиғанына да екі гасырга жуықталды. Бір  
кездері Астрахан губерниясына қарған Бекей Ордасының көптеген  
қазагы балық көсіпшілігі, жұмыс бабы, тұрмыс қажеттілігіне орай су  
бойын жағалап, кала тұрмысына бейімделді. Оқылым, тоқыды, көсп  
қылды. Ақыры сол еңірде тұрып қалды.

Жазушы-журналист Ә.Әлімгеревтің бұл кітабында Еділ жайл  
аган қандастарымыздың кешегі-бүгінгі тіршілігі, қазақстандық  
қандастарымен араласы, Бекей Ордасы еңірін біртуар ерендері жайлы  
әнгіме болады.

УДК 316  
ББК 60.54

ISBN 978-601-7023-52-2

© Әлімгерев Ә., 2012

© Дүниежүзі қазақтарының қауымдастыры  
«Атажурт» баспа орталығы, 2012

## АЛЫС ТА ЖАҚЫН АСТРАХАН

Астрахан есімі қазақтарға қашаннан таныс. Аңыздарға құлак түрсек, әз Жәнібек ханның тұсында ірге көтерген бұл кала Алтын Орда дауірінде қандастарымыз мекендерген күтті коныс көрінеді. Мүмкін солардан болар, осы өнірде кіндік кесіп кір жуган даланың дана философы Асан Қайғы (Хасан Сәбитұлы, XIV ғ.) «Еділ мен Жайықтың, бірін жазда жайласан, бірін қыста қыстасан-кос колыңды маларын, алтын менен күміске» деп көніл шалқып тасиды. Бірақ Асан атага Жәнібек ханның кала іргесін көтерудегі әлде бір қылғы ұнамай, екі рет шакырганда келмей, тек үшіншісінде ғана азар келіп «Ай, Жәнібек, ойласаң, килем кылғы заман болмай ма, суда жүзген ақ шортан қарағай басын шалмай ма?! Мұны неге білмейсін! Корған салдың бейнет қып, қызметшін жатыр ішіп жеп... Оны неге білмейсін?! Хош, аман бол, Жәнібек, енді мені көрмейсің! Тұптің түбінде Астрахан бізге бүйірмайды, арқадан келген өзге дін иелеріне мекен болады» деп Жайыққа қарай жемаясын тебініп жүре беріпті деседі.

XV ғасырда казақ әдебиеті тол басыларының бірі Казтуған жырау «Алан да алан, алан жұрт, агалан ордам конған жер. Атамыз біздің бұ Сүйініш күйесу болып бараган жұрт. Ана-мыз біздің Бозтуған келіншек болып түскен жұрт» деп осы өнірдегі Ақтуба мен Бозан өзендері бойын бойтумардай кадірлеп, жырга қосады.

XVI ғасырда Доспанбет жырау «Айналайын, Ақ Жайық, ат салмай өтер жер кайда?» деп Азауынан әрі етіп, Астраханға бет алғанда тебінгіден тер төгіп, қанжыгадан қан кетіп, қапыда қайтыс болған еді ау?!

Ақырында Асан ата айткан оқініш аумай-токпей алды-мыздан шыкты. XV ғасырдың орта тұсынан аса Алтын Ор-

дадан қашып шыккан Махмұт хан мен оның інісі Ахмет Еділ өзенін төменгі сағасында Астрахан хандығын құрып, билік жүргізе бастап еді, бірақ адам ғұмырының өзі ғасырдан ғасыр асып, жалғаса бермейді ғой, өлім деген өкініш Махмұтты алып тынғанда, онын мұрагері болып таққа ұлы Қасым отырады. Эйтсе де байлық деген қара мысық ағайынды екеудін жүргегін тынрап, бірін Мәскеу княздігі, екіншісін Қырым хандығына шабуылға шығарып еді, амал не, екеуі де ойсырай женилді. Оның үстіне Үлкен Орданың күйреуі Астрахан хандығының Ногай Ордасы әміріне бағынышын күшеттіп, күннен күнге алсіретті. Әлі кетіп, ауыз бірліктен айрылған хандықты 1556 жылы IV Иван Грозный айтактаған И. Чемесинов басқаруындағы жер кайысқан Дон мен Еділ бойының кезбе казактары басып алды. Арада екі жыл өткенде кала Ресей патшалығы империясы колы астына етті. Міне, содан бері аттай 450 жыл болды. Өкінішті, бірақ бәрін де уақыт женеді, мезгіл емдейді.

Бірақ біздін наследстеріміз іргесін өздері калаған каланы уыстарынан шығарып алса да бұл аймактан кол үзіп көрген жок. Біраз уақыт үзілісте болса да мезгіл өте даласына ма-лын бақты, өзеніне ау салып, кармағына карагөз іліндірді. Ен бастысы, ұлын өсіріп, қызын бойжеткізді. Олардын арасынан келешек Ресей мен Қазақстанға белгілі талай тарлан азаматтар тәрбиеленді, біраз жүрттың жамбасы осы өнірде жерге тиді. Басқасын былай қойғанда, XIX, XX ғасырларда халқымыздың музыка өнерінің марғасқалары, атакты күйші-композиторлар Күрмангазы (1823-1896) Алтынжарда, Сейтек Оразалиев (1861-1933) Ақтөбеде (Хошаутово), Ерғали Есжанов (1863-1949) Лебяжьеде (Күмозек) дүниеден озып, мәңгілік мекен етті.

Одан беріде Еділді катареміп, Каспийдегемежарыстырган орыс пен казак елдеріне есімдері белгілі қанша мемлекет, когам қайраткері, экономика мен алеуметтік салаға енбегі сінген айтулы адамдар өсіп шыкты. Оның бәрін дәл қазір бармақ бүгіп, саусақ санап, түгенден біту мүмкін емес. Осы күні Астрахан облысында 200 мынга жуық қандастарымыз

тұрады. Олар негізінен Құмезек, Володар, Красный Яр, Икрян, Харабайлы, Приволжии аудандары мен облыс орталығының өзінде тұрып жатыр. Басқалар сыйды олар да бұрынғы Одактағы 1991 жылдың 21 тамызынан кейінгі дамудын жаңа жолына түскен Ресей Федерациясы Астрахан өңірінің экономикалық-әлеуметтік есүіне өз үлестерін қосып келеді. Негізінен аймақтың аграрлық жүйесі, оның ішінде мал және егін шаруашылығын дамыту, су шаруашылығы, теңіз флоты, балық өнеркәсібін өркендешту, облыста кейінгі жылдары қаркын алған мұнай өндіру саласына қосып жаткан үлестері мол. Әлеуметтік бағытта да атқарып отырган жұмыстары көп. Оларды облыстық деңгейде жалпылама бағытта сараласақ, мынандай салаларды құрайды.

Астрахан облысында ежелден бергі ата кәсіп-балық өнеркәсібі, теңіз, су шаруашылығы. Кенес өкіметі тұсында аталған облыста жылына 250 мың тонна су маржаны ауланса, оның 100 мың тоннасы бесіре тұқымдас балықтың үлесіне тиетін. Бұл сол кездін (1965-1975 жылдар) көрсеткіші бойынша Одакта теңдесі жок үлес еді. Бүндай артықшылық колемі жағынан аз болғанмен, нәтижесі жағынан әлі де сакталуда. Облыс ас тұзын өндіру мен өндірісінде Ресейде бірінші орында тұрады.

Сондай-ак облыста катты дамыған сала – егін шаруашылығы. Мұнда кеконіс, бақша дақылдарын егу мен оларды өндіріс ісі жақсы жолға койылған. Астрахан қаласының өзі мен Ахтубада және Харабайлыда ауыл шаруашылығы онімдерін, соның ішінде балық және егін өнімдерін өндіріс, күтілау зауыттары бар. Төменгі Басқуншақ пен Ахтубада тұз шыгару кәсіпорындары жұмыс істейді.

ТМД колеміндегі ен ірі кеме жасау және өндіріс зауыты осы Астрахан қаласында орналаскан. Аталған зауытта дайындалған қазақстандық «Сұнкар» платформасы мен басқа да мұнай қондырғыштары еліміздің сутегі шикізатын өндірушілеріне жақсы таныс.

Астрахан мен Ахтубадагы тепловоз жөндеу, ұстажаныштау (пресс) және технологиялық құрал-жабдықтар

шыгаратын кәсіпорындардын да үлес салмагы мол. Жоғарыдан төмсі Еділ өзенімен тасымалданып, ағып келетін ағаштарды өндіреу, үй жиназдарын жасау ісі де көптен бері қолға алынған. Целлюлоза-қағаз, картон дайындаумен облыстың аты шыккан. Шыны талшығы, резина зауыттары бар.

Облыста ғасырдан ғасырга жалғасып келе жатқан кәсіп-мал шаруашылығы. Мұнда төрт тулікпен қоса шошқа осиру де қолға алынған. Астраханның Харабайлы, Владимировск қалаларында ет комби-наттары жұмыс істейді. Өнірде бір кездері тери өндіреу, аяқ киім тігу, байпак, киіз басу, ау тоқу фабрикалары жұмыс істеді казір олар уақыт талабына сай мамандандырылып, қызмет түрін жаңартты. Сүт зауыттары мен кондитер фабрикаларының итілігі мол.

Әлеуметтік салада да онды өзгерістер бар. Облыс орталығындағы балық өнеркәсібі мен балық шаруашылығы институты, медицина академиясы, консерватория, педагогика институты қашаинан бері Ресеймен бірге Казақстан үшін де білікті мамандар даярлап келеді. Бұлардан басқа қалада түрлі гылыми-зерттеу институттары мен орта, жоғары оқу орындары, жалпы білім беретін мектептер, мектепке дейінгі мекемелер, мәдениет ошактары, театrlар мен зоопарк, мұражайлар мен кітапханалар бар.

Онды қадам-педагогика институты мен педагогикалық колледжінде жергілікті казақ балаларына ани тілінде білім беретін үстаздар даярланады. Оларға Атыраудагы Х. Досмұхамедов атындағы университеттің оқытушы-профессорлары үдайы дәріс оқып, тәжірибе алмасады. Мектеп үстаздары да жалпы білім беру бағытында озат тәжірибелерін ортаға салып беліседі.

Облыстық теледидар мен радиода анта сайын казак тілінде хабарлар беріледі. 20 жылдан бері «Ақ арна» деп аталағын казақша газет шығып тұрады. 1990 жылдан бері «Жолдастық» деп аталағын казак мәдениеті мен тілнің оңірлік көғамы жұмыс істейді. Оған тұган халқын жаңындағы сүйегін каржыгер, Ресей Федерациясының еңбек сіңірген

кайраткері Никита Сейітұлы Ысқаков ұзақ жыл жетекшілік етті, көзірде құрметті төраға. Аталған қызметті дәрігер Х.Ф. Джаркенов атқаруда. Аталған көгамның мұрындық болуымен оңірде қандастарымыздың ұлттық рухани өсуі мен жетілуі жолында көптеген жұмыстар атқарылды. Ұлы күйі Күрманғазының кесенесі қайта көтеріліп, Алтынжарда құрамында музика мектебі мен концерт залы, конак үйі, ұлы күйшінің өмірі мен шығармашылығы, қазактардың бұрындарғы тұрмысы, өнерін бейнелейтін мұражайы бар оңірлік мәдениет кешені пайдалануга берілді. Бұл жерде бірнеше рет Қазақстан мәдениетінің Астрахандағы күндері өтті.

Каладағы Совет көшесі бойындағы келісті аланда Күрманғазыға арналып еңселі ескерткіш қойылды. Салмағы 115 тонна тартатын бұл алып ескерткіштің мүсіншісі, аты қазакстандықтарға бұрыннан малім, Атырау облыс орталығындағы ұлы күйі ескерткішін жасаган А. Рахматиев болатын. Ал оның Еділ бойына койған мүсіні Ресейлік қандастарымызға рух беріп, намысын оятатындағы айбынды да еңселі болып шықты.

Астрахан Атырауға, жалпы Қазақстан үшін қашаннан бері қанаттас жатқан төрде басы, төскейде малы косылған, ырыс берекесі ортақ облыс. Сол достық пен дәстүр бұрынғы сынды тәуелсіздік жылдарында да жалғасын тауып, 1995 жылдан бері екі республика облыстары басшылығы өзара экономикалық, ғылыми-техникалық серіктестік байланысты нығайып, жақсарту бағытындағы келісімге кол койды. Олардың дені кәсіпкерлік құрылымдар арасындағы-сауда экономикалық ынтымактастықты барынша терендетуге арналып отыр. Сондай-ақ аграрлық жүйе мен балық шаруашылығы, мұнай-газ саласы, білім-ғылым, деңсаулық сактау, коршаған ортаны қорғау, төтенше жағдайлардың алдын алу, күштік құрлым (құқық қорғау) бағытында да онды ойластырылған екі жақты келісімдер бар.

Өзара ынтымакты байланыс аталған облыс пен Атыраудың Күрманғазы ауданы арасында да аса нәтижелі

екенін ауыз толтыра айтумыз керек, олар қашаннан бері аудандары өміріне қатысты қандай да бір шараны бір-бірінің қатсыныз өткізіп көрген жоқ. Мүмкін ол да дұрыс шығар. Өйткені түпкі күйылар айдыны бір аймақтың арасын бір гана Қиғаш озені бөліп тұр емес пе? Сол Қиғаштың әр жағынан толған айдай толыксыған жас ару ін ағашын иыққа асып, бұлықсып кеп су алса, бергі беттегі ат суарған әсем жігіт көз тоймай ән ағытпаушы ма еді?!

Жә, ол да өзінше өрнек, өмір суреті, тағдыр талайы...

Откен жылдары осы өзен үстінен екі жакты келісбарысты жиілету мақсатында манызды көпір салынып, іске қосылды. Аузында шекара-кеден мен автокөлік бакылау, санитарлық-эпидемиялогиялық станса қызметтері, мал дәрігерлік кадағалау орындары бар бұл көпірдің ашылуына екі елдің үкімет басшылары келіп, қашаннан бергі қалыптасқан карым-қатынасымызды одан әрмен тереңдестіп, бекітті.

Қазақтар әлімсактан «Атырау деп кеткен айдынды Каспийдің терістігін қатар жайлап, ырыздығын бірге емгенд астрахандықтар 2008 жылы ежелгі қалаларының 450 жылдығын үлкен салтанатпен тойлап өтті. Оған теніз жагалаған 5 мемлекеттің басшылары бастаған үлкен делегация қатысты. Мерейтойды ұйымдастыруда қалада көлемі 90x35 метрлік алып сахна орнатылып, онда қаланың кешелі-бүтінгі тарихын бейнелейтін көріністер көрсетілді. Ойын-сауық бары-сында Англия мен Германиядан келген ди-джейлер дайындаған музыкалық шоу тамашаланып, Людмила Сеншина, Валентина Толкуновалар ән салды, «Самоцветы» ансамблі мен Филипп Киркоров енер көрсетті. Сондай-ак концертте қурамында 900 адамы бар бишілер тобының енері де контакттар есінде ұзак сақталатын болады. Сейтіп айдын шайқап, толқын құшқан ежелгі қала жаңа белеске кадам басты.

## **КОС ӨЗЕҢ АРАЛЫГЫНДАҒЫ КОНЫС**

## «Еділ-Жайык – екі сү»...

Жаралғалы жарып-беліп айтылмаған бул өзендер жәйлі өлкеміздің өрен жүйрік ақыны Насихат Сүгірулы өзінің Сталиндік бұғауда отырып, токпелеген кезекті бір үзак толғауын осылай деп бастаған-ды. Беу, десеніші, талайдың кез сұғын өзіне тартып, өзегін жұлып алар арудың арқасындағы қос бұрымындай қатар жатып, бар сырды бірі қатты, бірі жәй бұралған егіз ішегінен егілтетін кара домбыраның саз үніндей, адамзат баласының ізгі арманын алға жетелейтін болат жолдың қос тініндей қатар жатқан бұл өзендер жәйлі аргы-бергі ықылым заманда кімдер жырға косып, ауенде әнге арқау етпеді десеніші.

Алдымен ару Ақ Жайыкты алыңыз. Бірде Даңқ, Гаңк, Ең, уакыт оте Ұлысу, одан бері Жайық, тіпті Степан Разин мен Емельян Пугачевтің елді бүрліктіріп, күллі Ресейді аяғынан тік тұргызған алдебір қозғалысына бола ежелгі атын мансұқ еткен екінші Екатерина патшайымның өзі оның Жайық атын ел есі, халық жадынан жойып жібере алмады.

Еділ де сол, әу баста «Ра» озені деп аталғанымен, ортағасырдан бергі иеленіп келе жаткан «Еділ» есімін «Волга» деп қанша рет дүрдітіп борік кигізсе де ал естен шыгара койған жокпыз. Иә, деймін-ау, Еділ-Жайық атауы қазақ пен татар, башқұртта қашаннан бері жатталып қалған ұлы есімдер. Онда бауырлас халықтардың қаны, қымас жандары бар. Аяқталмаған армандары, алға асықкан үміттері жатыр. Сондықтан да оны әнгे қосып, жырга боледі. Сол баяғы XV ғасырда жер жұмагын іздең, басында Қазанда, одан томенгі Еділді еишілең, Сарайшыққа желмаясын шөгеріп, Тайсойғанның Корғаншасында он жыл қыстаған, Қаратая мен Жетісу асып, кос Танайын касына ертіп, абыз шағында

Арқага жетіп, ақыры Үлттауда мәңгілік үйіктап кеткен  
Асан Қайының өзі

«Еділ менен Жайықтың

Бірін жазға жайласан,

Бірін қысқа қыстасан,

Қос колынды маларсың,

Алтын менен күміске», - деп біз сез етіп отырған қос өзеннің  
осыдан алты ғасыр бұрын Еділ мен Жайық екенін дәлелдеумен  
бірге, олардың қашаниан байлық бастауы, дәulet көзі екенін  
жырга косады. Сол ақын тағы бір өлеңінде: «Ағайынмен тату  
бол, керек болса жанынды қидын» мысалы ретінде:

«Еділ бол да Жайық бол,

Ешкімменен ұрыспа.

Жолдастына жау тисе

Жанынды аяп тұрыспа» деп даналық жолдарын ұсынады.

Отызға жетпес ғұмырында аты Дешті Қыпшактың көк туын  
құлатпаймын деп, колынан шашакты найза, шарболат қылышын  
тастамайтын Дон мен Еділ, Жайық арасында шапқылаумен ғұмыр  
кешкен жауынгер ақын Доспамбет (XVI ғ.)

«Айналайын Ақ Жайық,

Ат саламай етер күн қайда?!

Еңсесі биік боз орда,

Еңкеймей кірер күн қайда?!» деп зарланады.

Одан берігі XУIII ғасырда өмір сүрген атакты Ақтамберді  
жырау да әйтеуір осы бір Еділ-Жайық есімінің қашан да  
казактың жадында жыр, қемейінде сыр боларына сене оты-  
рып,

«Еділ-Жайық екі өзен,

Талсыз болар деймісін?!

Көкшетаудың көп көлі

Елсіз болар деймісін?! – деп атасы казактың қоғалы  
колдер, ком суларының азбасына, тозбасына үміт артады.

XIX ғасырдың алғашкы жартысында бар-жоғы қырық  
үшінде қыршынынан киылған Махамбет те сол Еділ-  
Жайықтың арын арлап, мұнын жырлады. Ағайындарының  
азаттығына бола күн кешті.

«Еділ мен Жайық жер еді-ау,  
Мекен еткен шаруага» деп ол кос өзеннің мәнін кетерумен  
бірге «Еділ үшін егестік,  
Тептер үшін тебістік.  
Жайық үшін жандастық,  
Киғаш үшін қырылдық», - деп кос өзеннің крөдосын ашық  
айтады.

Сайып келгенде, осылайша аргы-бергі талай ақынның  
жырына арқау, батыр-баяндарлердің тағдырына темірқазық  
болған бұл кос өзен арасы ежелгі түрік тұқымдас – бүтінгі  
қарға тамырлы казактың білектің күші, ақ наизаның ұшымен  
кашанин бергі канын төгіп, қорғап қалған конысы. Бірақ  
біз әуелі орыстың, кейін қалмақтың тепкісіне орай одан  
да айрылып қалып, алыстан көз сүзіп, көңіл бұзылуымен  
гана жүргеніміз де рас. Эйтсе де жаны пейіште болып  
Әбілхайыр үрпагы Бекей сұлтан арада екі ғасырдан астам  
уақыт өткенде аңырап жүріп, канырап қалған атақоныска  
деген аңсары ауып, қанында қайсарлығы өсті ме, алде такқа  
байланған бақты куды ма, әйтеуір ежелгі Еділ-Жайық арасы-  
на Ойыл-Қыл, Жем-Сағыз бойындағы ұлтанды елден енші  
алып, көшіп келді. Дегенмен аталған жер өкімшілік-басқару  
жагынан Ресейге, ягни патшалық Россияга каралатын. Бірақ  
одан бері де қаншама ию-қиу заман отті, тіпті кешегі кенес  
өкіметі шаңырақ көтеріп, кең байтақ казақ жерін ұлтарақтай  
боліп, көбі алпауыт Ресейдің канжығасынна кеткенде Бекей  
ханның казактарға коныс ретінде гана кайтарған Еділ-  
Жайық арасы Ә.Ермеков, У.Танашев сынды елім деген, еті  
тірі агаларымыздың аркасында қандастарымызға енді басы  
байлы атамекен ретінде кайта бүйірдь. Қазакстан жері деп  
тәннилді. Ендеше 120 жыл Ресей отарында болған Бекей  
ордасының сол кездегі хал-ахуалы қандай еді. Патшалы Ресейден  
не алып, неден ұтылды? Ол үшін әңгімені барлық  
істің бастауында турған Бекейден бастайықшы.

Расында да осы орайда күні бүтінгі дейін не жақсыда,  
болмаса жаманда аты жок, тек «Бекей» деген есімімен

тана сл есінде калған, казактың Еділ мен Жайық өзендері арасына кайта оралған кезеңіндегі алғашкы хан – Бекей Нұралыханұлы туралы бір ауыз сез айтпауымыздың өзі де айып сиякты.

Шындығында Бекей кім?



## БӨКЕЙ ХАН

*Ішкі Орда халқы өздерінің мәдени омірлерінің және де ақыл – ой қабілеттерінің дамуы жағынан Бөкейханга алғыс айтуга міндетті. Бөкей қазактарды да拉 төсінен астрахандықтардың жеріне көшіріп әкеліп, қала, қыстақ гүрпүн қабылдады.*

**Мұхамед-Салық Бабажанов**

Әділін айтсақ, тарихтан танымы бар, өткеніне өзегі өртенер жан болмаса, бүтінгі үрпактың көбі бұл есімді біле бермейді. Өйткені жоғарыдағыдан өткенді сүртіп, өлгенді түртіп, құдай десе күтірінген, бай-молданың сонына шырак алыш түскен кешегі кеңес өкіметі заманында Бөкей тұғыл оның ұлы атасы Әбілхайырдың өзіне бас шайқап, әре-сәре кейінде көз алартақ қарадық емес пе?

Ішкі Орданын алғашқы ханы – Бекейдің кай жылы туғандығы жайлы нақты дерек жоқ, бірақ Нұралының төртінші ұлы екені, Кенес дәуіріне дейін омір сүрген зерттеуші оны 1746 не 1747 жылы туған болуы көрек деп болжайды. Бұл пікірді кейінгі кезде оралдық өлкентанушы Ж.Ақбаев та қолдап, өз жазбаларында көлтіріп жүр. Ел ішінде айтылатын аныздарда «Нұралыханнның сандаган әйелінен 30 ұл, 40 қызы болыпты» делинсе, 1771 жылы хан ауылында болған орыс тарихшысы И.Г.Георги өз жазбаларында «оның 4 әйелі, 8 күнінен барлығы 75 перзент, солардың 40-ы ұл» деп корсетіледі. Ал Атырау өнірінің біздің заманымыздың XX ғасырының 60, 70-жылдары омір сүрген мықты шежірешісі Ұбыраш Коркытов өз койын дәптерінде жоғарыдағы анызда айтылатын отыз ұлдың атын тізіп, жазған екен. Олар – Абылай, Аксерт, Арыстан, Артықалі, Бекей, Беккали (Сапак), Бегәлі, Ғазалы, Есім, Есенәлі, Елтай, Жаналы, Жалтыр,

Жәнібек, Жәреке, Карапай, Күсен, Нүреке, Орман, Пірәлі, Сыгай, Саян, Сереке, Сейдалы, Тұрдалы, Ұзакәлі, Шотара, Шорман, Шөке. Бекей ханның үшінші әйел – Акколтықтан (халықтық дәстүрде үшінші әйелді осылай атаған. Ә.Ә.) өрбіген үш ұлдың үлкені деп жазалы. Кейінгілері Шығай (дүрысы Сығай), Шүке. Бекей әйгілі Сырым батырдың заман-дасы, тым әрі кетсе, торт-бес жас кішілігі болуы да ықтимал. Жас шағында жігітшілік жолымен екеуі бір сулуға таласып, бірақ соныра алдекімдердей бір-біріне кек сактамай, керек десе Сырым батыр экесіне карсы шықкан кезінде де «Баяты шуйке бастың қыжылы кетпеген мігіт екен той, соны жүргеғіне дық санап жур» деп айтады деп Бекей Сырыммен арадагы еш дауга араласпапты. Ал Сырым болса, Бекейдің қос өзен- Еділ мен Жайық арасындағы кең жазыққа қоныстан-уына жаны калмай араласып, акыры патшадан рұқсат алуға да ықпал еткенге үксайды.

Сайып келгенде, бұл ара бі кездегі қыпшак даласы, кейінгі Ногай Ордасы орналаскан, казак мемлекетінің уығын қадап, керегесін көтерген Қасым хан, оның ұлы Ақназардың ақ наизаның ұши, күрыш білектің күшімен сактап қалған сары даласы, абыз ата Асанның жемлямен Жердейк іздеп, желіп өткен, жоргегін жуған қасиетті мекені, жері болғанымен, біраз уақыт қалмактар мен Астрахан губерниясына қарасты кундр татарларының мекеніне айналғаны белгілі. Соған сай 1737 жылдан бастап бұл аймакка казактардың мал-жанымен көшіп-конуына рұқсат етіледі. Әйтсе де 1771 жылдан бастап қанырап бос жаткан бұл аймакка кожа Орал мен Астрахан казактары ғана еді.

Солай болатұrsa да 1748-1749 жылдардың қатты қысынан бастап Орынбор губернаторы И.Неплюевтің рұқсатымен тек Нұралы, кейіннен 1755-1758 жылдардан бастап онын құллі тұқымдарының Жайықтың он, яғни Самар бетіне шығып, қыстауына мүмкіндік туды. Бұл жылдар мал түяғы тимеген шұрайлы жердің табын-табын жылқы, келе-келе түйенін, кой отарларының қандай қыстап да қысылмай шыгуына жағдай жасады. Күндер оте Шыңғырлау мен Жымпіты, Бұлдырты

мен Ойыл, Тайсойған мен Бүйрек, Сағыз бен Мұқыр бойын жайлап, мал өрісі тарылып бара жаткан қыр казактары аталған өнірге алаңдалы. Кейде олар Жайық бойын күзеткен шекаралық әскер басшыларының рұксатына қарамастан ішкі бетке сініп кетіп те отырды. Осыдан кеп жылдар бойы тузырап жаткан қос өзен аралығын казактар иелігіне беру кажеттілігі туды. Оның бұдан басқа да себептері бар еді.

Патша әкіметі Сырым бастаған шаруалар қозғалысынан соңда қайта-қайтабастағатеребастаған Кішіжуз қазақтарының күшін ыдырату, отардау саясатын бұрынғыдан да пәрменді жүргізу ниестінде болса, Орынбор-Орал казак әскерлері старшындарының «әскери барлауы» деген желеумен еле шығып, қара халықтың малын барыталаң, дүние-мұлкін тонауы, сондай-ақ елдегі сұлтандардың таққа таласынан бірбірінің адамдарына жәбірі, тағы да үрлых-зорлық, сокыга жығу жиіледі. Екі оттың ортасында калған халық кайда кетсең те, әйтеуір осы алпауыттар мен әпербақандардан құтылсак екен деген ниетте болды.

Осындай тонауга түскен ел, талкегі шықкан халық, Қаратай, Жантөре сынды өз ағайындарының билікке таласын корген Бекей қайткенде де осы арадан кету, бас сауғалап, басқа жерден мекен іздеуге асықты. Оған коса ол бұл өнірден өзі сынды кашанин бері Шыңғыс хан түкімі аңсаган так, коксеген бакка жуық манда қолы жетпейтінін де жаксы білді. Соңда не іstemek? Амал жоқ, замандасы Сырымның жатса-тұрса айта беретін Жайық пен Еділ арасындағы Самардаласына (Нарын күмына) бет түзеу керек. Бұл бір қараганда бұқара халықтың да көптен бергі көкейдегі ойы, конілдегі түйіні еді. Бірақ мұндай бакытка не болудың бірден-бір жолы, алдымен орыс әкімшілігінің рұксатын алу керек. Өйткені аталған жерлер жоғарыда айтканымыздай Орал мен Астрахан казак әскерлерінің бакылауында еді.

Міне, осындай түрлі себептер мен кажеттілікке орай Бекей Нұралыханұлы Астрахан казак полкінің командирі, полковник Поповка, ал Поповтың Астрахан әскери губернаторы Кноррингке, Кноррингтің хаттары мен ұсыныстары

және Бекейдің Павел Біріншіге жолдаған отініштерінің негізінде патша 1801 жылдың 11 наурызында мынандай Жарлық берді: «...қыргыз – қайсак Кіші Ордасындағы хан кенесіне басшылық жасап отырған Нұралы ханның баласы Бекей сұлтанды оз қарамағыма шын ықыласыммен кабылдаймын, қай жерге көшіп барамын десе де ерікті...».

Осы жылы Бекей бастаған 5000 үй Жайыктың он бетіне көшті. Арада жеті жыл откенде үйлер саны 7500-ге жетті.

Бекей алғашқы жылдары Сарайшық төнірегі, одан кінірігі Атырау облысындағы Исадай ауданы Жалтыр көлінің маңын қоныска жәлі, малға тыныш жер деп тауып, 200 үймен көшіп келеді. Ол кезде аталған көл ұзыны 22, ені 16 шақырымды алып жатқан шалғыны мол, балығы көп, шұрайлы аймақ ең. Бірак Жайық өзенінің көктемгі тасуынан гана кемерленіп, қалған кезде жанбыр суымен молығатын тұйық көлдің болашағы шамалы екендігіне көзі жеткен Бекей бұл жерде көп аялдамай, артынша Еділдің енді бір саласы – Қигаш өзенінің түпкі сағасына қарай қоныс аударады.

Жалтыр көлінің батыс жағасында әлі күнге Бекей қыстауының орны бар. Осы жерде отырганда оның анасы қайтыс болған. «Бекей шешесі» деп аталатын үлкен корым қазіргі Хамит ауылының (бұрынғы Новобогат селосының) арқа батысында орналасқан. Дәл осы арада «Бәйбек қыстауы» деген де жер кездеседі. Ал осы атаудағы село Нұралыханұлының Қигаш бойындағы сонғы табан тіреген жері – Кішкене арал (орысша «Малый арал» деп атайды) түбінде де бар. Сйтсе Бәйбек мырза Астрахан басшылығымен арада тілмаштық қызмет атқарған Бекейдің он қолы болғанға ұқсайды.

Біз бұл әңгімелерді кезінде жасы 100-ден асқан абыз ата, Исадай ауданының тұргыны Сидегали Нұрманұлының, ресейлік Бәйбек селосының ардагер аксақалы, сол өңірдегі «Родина» ұжымшарының бір кездегі төрағасы Қазбек Дүйсенұлы Қокаловтың ауыздарынан естідік. Бәйбек, осылай аталатын ауыл туралы әңгіме сәл кейінрек.

Сидегали қария «Атам Әлмағанбеттің экесі Телепбай Бекеймен замандас, сырлас, Нарын бетке бірге көшіп, коныстас болған жан еді. Аталарымның айтуынша Бекей көрүте көз керек, беденді, көркіне ақылы сай, беделді адам екен» деп отыратын. Ал атыраулық белгілі журналист, марқұм Күзембай Әмір «1947-1948 жылдары мектепте оқып жүргенімде Бекей кыстауын да, «Бекей шешесі» корымын да көрген болатынын. Алғашкысы күйдірілген қызыл кірпіштен салынған, бірақ сол кезде орны ғана бар, ал соңғысының басынан түи болса от жаңып тұратын. Сондықтан қасына көп жакында мауашы едік» деп еске алатын. Жергілікті халық корым төнірегінде күрілышка аса қажетті қырышық тастың мол қоры болғандығы, оны жүртшылықтың кейінгі кезге шейін пайдаланып келгендігін айтады. Сөйтсе де ол туралы халық аузында да түрлі аңыздар бар, оны бүтінгі әңгімеге араластырғанды жөн санап отырган жокпаз.

Жоғарыда айтқанымыздай жана коныстанушылар бұдан ері Павел I-нің рұқсат бергеніндегі Қигаш бойы, теңіз оресі, Үлкен және Кіші Өзен төнірегі, басқа да сулы-нұлы жерлерге коңыс тепкенді қалап, сұltан төнірегіне жиналғандар қазіргі Макаш ауылдық округі аумағы, кейін Астрахан облысындағы Кішкене арал селосы маңына келген. Мүмкін, Бекей атына байланысты да шығар, сол кезде Кішкене арал «Хан сарайы» деп аталыпты. Іргесінде Хан өзен деп аталған жіцишке өзен ағып жатқан. Кішкене аралда сұltан қыста қыстап, жазда жайлauғa, күмғa көшеді екен. Негізінде елде Бекейді көбіне мал қонысына орай көшіп жүретін үйелмен болыпты дейді. Бұл пікірді көп жыл осы арада енбек етіп, кейін 1973 жылы Атырау каласында дүние салған фельдшер, Кранштат эскери фельдшерлік мектебінің өткен ғасыр басындағы түлегі Кажығали Мәмеков те жокқа шығармайтын.

Жергілікті халықтың айтуынша Бекей иегізинен Кішкене аралдың терістік бетіндегі Тебенұр көлін жиектеген Бабашагыл деген жерде отырган. Ол бір кездегі қалмактар жайлаған қоңысқа қолайлы, малға жайлі мекен екен, «Тебе», қалмактың түйе, «нұр»- көл деген сөз.

Ғажапты караныз, сол Бабашағылдан сәл ғана аулаккозы еріс терістікте Исарайдың экесі Тайман да отырыпты (Кейінен Тайман Ордадағы жер болініс ынгайына қарай қазіргі Манаш мекені тұсына қарай коныс аударады). Оған себеп екі қария өле-өлгенше қоңілдес, дос болған. Тіпті Жалтыр көлінің жағасында отырғанда шешесінін жылын берген Бекей жиналғандар алдында барша ағайын, әсіресе Тайманға елден ерек раҳметін жаудырып, онымен достығы үрпактан үрпаққа кететіндігі, балаларына даритынын айтып, сендіріпті. Оған коса өзінің әлі де батыска қарай, анау Астраханның колтық тұсына коныс аударғысы келіп отырғандығын, бұл ниетке тілеулесі Тайманның да қарсы болмайтындығы, өйткені қалған гұмырымында ауылымыз аралас, қойымыз коралас, жаз жайлауымыз бен қысқыстауымыз катар жатып, бір-біріміздің тәбемізді көріп отырайық деп екі абыз аксақал ағайын-туыс, балаларының көзінше наң ұстап, нар ауыстырып, ант-су ішіпті.

Сол үрдісті ұмытпаған Исарай кейін қалың әскер, мол колмен Жасқұстағы хан ордасына табан тіреп, қамап түрганның өзінде бір аятаға мұрсат беріп «Әкелеріміз Алла атынан достыққа ант беріп еді, мына шоқыншы сыйбан қалмақ оны да ұмытты ғой» деген екен. Данагей қариялар Исарайдың сол жолты хан ордасын шаппауының басты себебі – батырдың әкелері антын бұзу, әруак аттаудан корықканы деп дәлелдейді. Сайып келгенде қысынды уәж, мүмкін солай да шыгар.

Ал сол Кішкене арал, немесе Бабашағылға қайта оралсақ, аталмыш алқап Бекей үшін колайлы болғанға ұксайды. Баласы Жәңірді Астраханға беріп, хандықты әкімшілік жағынан басқару әдістерін үйретті. Сейтіп ол он жыл бойы Астрахан генерал-губернаторы Е.С.Андреевскийдің отбасында өсіп, тәрbiеленді. Бірнеше тіл үйреніп, европалық тәлім алды. Ал Бекейдің өзі болса бар-жоғы 13-15 жылда жаңа коныстанған көс өзен аралығындағы 7072000 десятина кең жазыкты барған сайын кенейтіп, 5 миллионнан астам мал өсірді. Бастапқыдағы 5 мың түтіні бар 77 болысты 25

мың шаңыракты 149 болысқа жеткізді. Отыз жыл бойы иесіз жаткан бұрынғы Самар даласын Ресейдің гажайып базар базасына айналдырыды.

Бір қарағанда бұл тек малдан басқа кәсібі жок халыктың әлеуметтік жағдайын көтеру, түрмисын жақсартудың және жәй ғана емес, жаңаша әгни, әлгі айтқан еуропалық үлгіде жақсартудың бірден-бір жолы еді. Сөйтіп алғашкы күннен майлышектей араласып, бірінің қалтасын бірі қағып, толтырған көршілердің байланысы өсті. Әсіресе жоғарыда айтқанымыздай бар дәүлеті жонғар даласына үдерे көшкен қалмақтармен бірге кеткендей болған ресейлік алпауыттар қуанышында шек жок еді. Өйткені олар үшін отыз жыл бойы адам ізі түспеген иен дала енді таза байлық көзіне айналды. Төрт түлігіне қоса жүн, тери, басқа ырыс қайта оралды. Осы кезде, яғни 1806 жылдың 19 мамырында «Көшпелі халықтарға жер бөліп беру тәртібі ережесіне» сай біз әнгіме жасап отырган «Кіші қайсак ордасының» территориялық жер көлемі бұрынғы Кіші және Улкен, немесе жергілікті халық ататын Қара, Сары езендерге қоса Богда тауы, Еділ сыртына дейін өсті. Арқаға ұлық қаққанға мәз болатын қазақ сұлтанына патша 1812 жылы «хан» атагын беріп, өнірге тағатын алтын медалін қоса тапсырды.

Шара 7 шілдеде отті. Оны тарихшы Я.В.Ханыков «Очерк состояния Внутренней Киргизской Орды» деген еңбегінде «При прибытии князя Волконского и Букея на приготовленное и обставленное место за городом Уральском, военный губернатор объявил киргизам Высочайшую волю о возведении Букея в ханское достоинство, потом прочитаны были на русском и татарском языках Высочайше грамоты об утверждении и приступлено к приведению Букея к присяге на Коране. По окончании ее, сделано 12 пушечных выстрелов, с трехкратным беглым ружей-ным огнем и музыкой. Новый же хан облечены всемилостивейше пожалованным собелью шубою, саблею и шашкою и ему была вручена Высочайшая Грамота на имя его» деп жазыпты.

Бірак Бекейге хан атагы онайлықпен келген жок. Әсіресе Нұралының хандық тақ үшін қандары бастварына тепкен «бес калмагынан»\* басқа да ұлдары жетерлік еді. Тіпті «сол атақ шоқыншы Бекейге тисе басын қағып, грамотасын ортеп жібереміз» деп алакандарына түкіріп, жол тосқандары да болыпты. Осындай дөңайбаттан корықкан Бекей Орынбордагы хандық құжатын белгілі би Бекпембетке най семіз, каба жал, каба құйрық, кара айғырдың құйрық қылдарының арасына тықтырып алдырыпты деген де азыз бар. Қалай десек те, көктен күткені жерден бұйырган бұл құрмет әуелгіде «жана жер қоңыс бола ма, жок па?» деген күдікпен бар байлығын Ойыл мен Сағыз арасындағы атакулдігіне тастан, Нарынга бар-жогы 5 түйе, 20 кой, 17 жылымен көшкен Бекей сұлтанның да, оған қараган көшпенді оралмандардың да мерейін өсіріп, сенімін арттырды. Жылдар бойы тузырап жаткан шұрайлы дала қыр қазақтарының бір малын екеу, екеуін тортеу етті. Сауда өсті, дәulet артты. Жұрт кейіннен бұл жайлі «Хан Бекейдің тұсында секер шәйнап, бал жұттық» деп жырлады.

Тегінде жергілікті халық Бекей хан тұрасында еш уақытта гайбат сез айтып, теріскабак танытпайды. Қайта «Ол өз заманында сауатты, заман ағымын жақсы түсінген көреген адам болған. Қоршілес орыс елінде етек алған отырыкшылық, елді сауаттандыру, жаңа мәдениет, жаңалыққа көп көңіл болғен. Кейіннен дәстүрге енген көп болмелі қарагай үйлер мен шикі тастан соғылған тас қыстаулар сол Бекей заманында салынып, қолға алынды» деп отырады. Бірак осы смынды алдымен хандық тақ, гажайып данкты аңсаумен бірге туган халқының болашағы көбірек аландаткан Бекейдің хандық ғұмыры ұзакқа бармады. 1815 жылғы 21 мамырда шикі судан жұғатын бөсір ауруына шалдығын, аз күнде кайтыс болды. Артында бәйбішесінен туган Тәуке мен Әділ, тоқалы Атан ханымнан өрбіген Мендігерей мен Жәнгір қалды. Әке өсінеті бойынша хандық мұрагерлік тақ кеңже ұлға бұйырды. Бірак билік басына Жәнгір өскенші інісі Шығай келді. Ол

өзі билік күрган сегіз жыл ішінде аса жемқор, адамдарды бір-біріне айдан салар залымдығымен аты қалды. Керек десеңіз хандық жылы орынды мұрагер ұлға бермеудің де бар айла-шарғысын істеп бақты. Эйтсе де билік Жәңгірдің өз отініші бойынша 1823 жылы 24 маусымда әкесі таққа отырган Оралдағы Хан тогайында сайлау негізінде жүзеге асты.

Шығай билік күрган тұста қос өзен арасын қоныстанушылардың біразы бұл онірді жаздағана жайлап, қыс қыстауын Жайықтың шығыс бетінде еткізу үшін ескі жүрттарына қайта көшіп жүрді. Бұл көптеген қошпендейнің көңілін аланғып, қайсыбірі жылы орынды сұыттай отырып та қалды. Өйткені Шығайдың паракор аңы тырнағы соны талаап етті. Бірақ Орынбор әскери шекаралық басшылықтың 1818 жылғы Жайықтан кері өтуге тыым салған жарлығы мен билет жүйесінің енгізілуі бекейліктердің бұдан былай Жем-Сагыз, Тайсойған мен Бүйрек бойына қайта айналып соғуына мүмкіндік бермеді.

Жәңгір таққа отырган күннен бастап билікті нығайту, басқару аппаратын өзгертуге ерекше мән берді. Оның бұл ісін орыс тарихшылары «басқарулық Жәңгірлік реформасы» деп атады. Ол қандай реформалар еді?

Алдымен бұган дейінгі ел басқару ісіндегі аталарының барі, керек десе тым әрідегі Шыңғыстан бастап, одан бергі Бату мен Берке, өз әкесі Бекей мен ағасы Шығайдың үш ай қысты қыстаулары мен сарайларда еткізсе де жаздықтарын жайлауда, болмаса Сарайшық сынды саумал аяа, жасыл орман, сахараға арнайтын. Бұл олардың қашаннан бергі аттын жалы, атанның қомында өскен қошпендейлігінен де болса керек. Бірақ Жәңгір таққа отырып, Фатима сынды суропалық токал алғаннан кейінгі жұмыстанғаны – жылжымайтын түпкілікті мекен – Хан Ордасы орталығын салу, басқару ісіне өзгерістер енгізу болды. Ол үшін хандық әкімшілік орталығын салу және онда басқару аппаратының ерекше жүйемен жұмыс істейіне назар аударды. Жаңа әдіс бойынша 12 биден тұратын рулық хандық басқару

жүйесі жұмыс істеді. Аппараттың өзінде бұлардан басқа ханың жеке тапсырмасын орындаушы 12 ағаман есауыл, ен негізгі жұмыс түрлерін жинақтаған екі бөлім, арнаулы тергеушісі бар кенсе қызмет етті. Бұлардан басқа Ордашілік жөрменкелер мен сауда орындарында бірыңғай ортақ тәртіптің сакталынуы мен олардағы баж салығының жинақталуын бакылап, қадагалаушы базар сұлтандары болды.

Сайып келгенде, бұл Жәнгір таққа отырганинан кейінгі дүниеге келген жаналықтар. Бірақ оның төріндегі патшалы Ресей әкімшілігі, оның отарлау саясатына байланысты не бір құйтырқылықтар да жаткан-ды. 1822 жылы Орынбор генерал-губернаторы П.К.Эссен «Орынбор қыргыздары туралы жарлығының» жобасын талдап, жасады. Дегенмен ол Азиялық комитетте 1824 жылы ғана қаралып, қабылданды да, сол жылдың күзінен бастап жүзеге асырыла бастады.

Жаңа жарғы бойынша ірі феодалдардың жергілікті болігі жойылып, оның орнына орталықтан басқарылатын аппарат күрылды. Мәселенің бәрі әкімшілік басқару, сот, зан істерін бұрынғыдай хан кенесі емес, ханың жеке өзі шешіп, ру басын тағайындау да өз колына қөшті. Бірақ бұл тағайындау кейіннен Орынбордың шекаралық комиссиясында міндетті түрде бекітілетін болды және осынау кен байтак өлкениң батысынан Астрахан, шығысдан Орал казактары сақинадай сығып, ерекше бакылауда үстады. Соған сай аталған Орданың көптеген шекаралық ауылдары орыс селоларымен канаттас, көрші отырып, олардың үлгілі жактарын үйренуге мүмкіндік туды. Отрықшылық ости, сауда-сатық дамыды, тауар-акша қатынасы ұлтайды. Дегенмен, ресейлік әкімшілік-басқару аппараты жат жүрттық консылардың алғашқы күннен күле қарап, күнірене шығып, койны-коныштарына кіре араласқанын ұнатпады. Соған сай олар «Айналайын, койынды аулак жайып, аяғынды өрмен көсіл» деуді де ұмытпады. Керек десе Каспий теңізінің терістігіндегі когалы су, балықты қөлдерін де кимай, шекара белгілеп койды. Қазақтар оны «шырта» (черта) деген. Одан

ішке енсе, әсіресе мал етіп кетсе шошқаның дауынан да жамаң балеге қап, қыруар айып толейді, болмаса одан да зоры көрсетіледі.

Нарын даласын немдену бастамасы әүелде Бекей атынан болғанымен оған рұқсат берерде империялық Ресей де көп құлығын бүгіп қалып еді. Соның бірі – бұл өлкені өздерінің шикізат базасына айналдыру иниеті болатын. Уақыт өте ол мақсат та толығынан орындалды. Кейіннен өлкे адамдары былай тұрсын, бұл аймақтын тұлігіне шейін орыстарға қызмет етіп, қадесіне жарады.

1828-29 жылдардағы орыс-түрік соғысында Ресей әскери Балқан тауынан кідіріссіз асса да алды қыс бол, бас сұғып, аялдар баспаана, бой жылытып, жан сақтар аукат, артық кару, оқ-дәрісі жок пүшайман халде әбден тарыкты. Әу баста жаулап алған жердің дәүлеті асырайдынын керімен жорыққа шықкан әскер үміті ақталмады. Осы кезде өкімет тарағынан амалсыздан отар есебінде отырган қазактарға кол жайып, комек сұрауына тұра келді. Кез ашқалы көргені орыс, алған білім, тәрбие сі де солардікі болған Жәнгірге басқа сез айтуга лаж жоқ, басын шұлғып, кол кусырды.

Бір караганда ол кезде бұдан басқа амал да жок екені белгілі. Тез арада қалаған жеріне 1000 түйе керуен азық-тұлік, киім, кару-жарак, киіз үйлер жеткізілді. Қашама үзак және тау-тасты жол болса да, соншама жүкті кідіріссіз жеткізгеніне тац-тамаша қалған орыс өкіметі мен онын әскер басылары тұңғыш рет түйенің мұндай жолда колайлы көлік екендігі, оның жүнінен тоқылған жылы шұлық, колғап, сиырдың бұрын-соңды жеп көрмеген күрт-ірімшігі, еділбай койының тәтті де майлар еті, көші-конға колайлы баспаана – киіз үйлерге ауыздарын ашып, көздерін жұмды.

Бұдан әрі Жәнгірге Ордада тез арада жук котеруге төзімді жібек жүнді түйе мен етті еділбай койын, жалпы тұлік атаулыны көптеп өсіру ісі тапсырылды. Жылқы малын асылдандыру бағытында Ресейдің арнаулы зауыттарында өсіріліп, сұрыпталған 20 айғыр бөлінді.

Сайын келгенде Жәнгір тұсында Бекей хандығы жылқы